

Қызылорда облысының білім беру ұйымдарына атау беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 қыркүйектегі № 626 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысының мынадай білім беру ұйымдарына:

1) "Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің "№ 11 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Әбубәкір Тыныбаевтың есімі;

2) "Қызылорда облысының білім басқармасының Шиелі ауданы бойынша білім бөлімінің "№ 142 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Базарбек Қашқынбаевтың есімі берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. Мамин*